

«АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
АПЕЛЛЯЦИЯЛЫҚ СОТЫНДА

5 маусым 2023 жыл

№: AIFC-C/CA/2022/0026 ic

«GEOPS Exploration Kazakhstan Ltd.» жеке компаниясы

және

«Minerals Operating Ltd.» жеке компаниясы

Өтініш
беруші/Жауапкер

Жауапкер/Талап
қоюшы

ШЕШІМ

Сот Судьясы:

Судья Сэр Стивен Ричардс

БҰЙРЫҚ

Апелляция беруге рұқсат ету туралы өтініш қабылданған жоқ.

ШЕШІМ

1. АХҚО бірінші сатыдағы соты № CFI/CFI/2022/0008 Іс бойынша 2022 жылғы 8 қарашадағы шешімімен (Судья Мәртебелі Лорд Фолкс КС) Жауапкер «GEOPS Exploration Kazakhstan Ltd.» Жеке компаниясын («GEOPS») Талап қоюшыға - «Minerals Operating Ltd.» жеке компаниясына («Minerals Operating») 42 339 332,94 теңге мөлшеріндегі соманы төлеуге шешімнің дереу күшіне енуімен міндеттеді. Қазіргі уақытта GEOPS компаниясының осы шешімге апелляция беруге рұқсат алу туралы өтініші Соттың қарауында. Төменгі сотта ұсынылған екі топтама материал (құжаттар мен куәгерлердің айғақтары) өтінішке қоса берілген. "Minerals Operating" компаниясы АХҚО сотының қағидаларының 29.13-ережесіне сәйкес өтінішке жазбаша қарсылық берді. "GEOPS" ауызша тыңдау өткізілуін сұрағанымен, өтінішті құжаттардың негізінде әділ қарауға болатынына менің көзім жетеді (АХҚО сотының 29.16 және 29.17 ережелерін қараңыз).
2. АХҚО сотының 29.6 ережесі АХҚО Сотының Қағидаларының 29.6 қағидасында егер апелляциялық сот (1) апелляцияның табысты болуына нақты мүмкіндіктер бар деп немесе (2) апелляциялық шағым қаралуы тиіс болатын тағы да бір салмақты себеп бар деп санайтын болса, апелляцияға рұқсат беріле алатыны көзделген. 29.7 қағидаға бойынша апелляцияның табысты болуы төмен тұрған соттың сот өндірісінде маңызды процессуалдық немесе өзге де бұзушылықтар болуы себебінен төмен тұрған соттың шешімі (1) дұрыс еместігін немесе (2) әділетсіздігін анықтауға байланысты.
3. Толық мән-жаймен танысу үшін, апелляция беруге негіз көрсетілген Бірінші инстанция сотының шешіміне жүгіну керек. Ең қысқаша мазмұнында Сот тараптар арасындағы 2020 жылғы 29 қыркүйектегі келісім агенттік келісім екенін анықтады, ол бойынша Minerals Operating компаниясы GEOPS компаниясына әрбір жасалған келісімшарт құнының 10%-ы мөлшеріндегі сыйақы үшін компаниялармен, соның ішінде "Қазақалтынмен" бұрғылау келісімшарттарын жасасуға көмектесуге келісті; GEOPS 2021 жылғы 9 сәуірде "Қазақалтынмен" келісім жасасты; Minerals Operating компаниясының осы шарттың құнының 10%-ы мөлшерінде өзінің агенттік сыйақысын алуға құқығы бар болды; бірақ шартты бұза отырып, GEOPS бұл сыйақыны төлемеді.
4. Апелляцияның бірінші негізі Соттың 10% мөлшеріндегі агенттік сыйақы "Қазақалтын" компаниясымен жасалған келісімге қатысты төленуі тиіс болғаны туралы тұжырымын даулайды және соның ішінде Сот шешімінің 13-тармағында келтірілген негіздемені даулайды. Келісім негіздемелік келісім сипатында болды және 10% мөлшерлеме бекітілген мөлшерлеме ретінде емес, шартта көрсетілген де ("Қазақалтын" жағдайындағыдай), сол сияқты көрсетілмеген де әрбір жеке клиентпен жобаларға қатысты тараптар арасындағы келіссөздердің бастапқы нүктесі ретінде қаралуы тиіс деп мәлімделеді. Аргументтің бір бөлігі ретінде Сот дәлелдемелерді, соның ішінде GEOPS куәгерлерінің айғақтарын, тараптардың

коммерциялық іс-тәжірибесі мен ниеттеріне қатысты тиісті түрде бағалай алмады деп мәлімделеді. Сот (шешімнің 11-тармағында) шарттың мүмкін болатындай анық емес екенін әділ атап өтті, бірақ Соттың түсіндіру мәселесіне қатысты тәсілінде немесе осы мәселе бойынша жасаған қорытындысында қате болмағанына менің көзім жетеді. Апелляцияда керісінше дәлелдеудің нақты перспективасы жоқ.

5. Апелляцияның екінші негізі немесе бірқатар негіздері шарттың қолданылуының аяқталуы мен ол бойынша кез келген жалғасып жатқан міндеттемелерге қатысты Соттың шешімнің 20, 21, 24 және 25-тармақтарындағы негіздемелерін қозғайды. Соның ішінде Сот GEOPS-тың шарт GEOPS пен "Қазақалтын" арасында шарт жасасқанға дейін 2021 жылғы 8 наурызда қолданысын тоқтатты, сондықтан Minerals Operating компаниясының осы шартқа қатысты агенттік сыйақысын төлеу бойынша міндеттеме туындаған жоқ деген дәлелдерін назарға алмады. Алайда, шешімді жалпы оқи отырып, мен Сот Garps-тың шарт 2021 жылдың 8 наурызында тоқтатылды деген нұсқасын қарады және қабылдамады деп ойлаймын.
6. 2021 жылғы 8 наурыз деген күн GEOPS компаниясы Minerals Operating компаниясына алдағы жобаларға қатысты ынтымақтастық туралы алдыңғы хат алмасудан кейін жіберген 2021 жылғы 5 наурыздағы хаттан туындайды. Негізінде екі мәселе көтерілді. Біріншісі GEOPS компаниясының, Сот шешімінің 22 тармағында айтылғандай, "геологиялық барлауды келісімнің құнын Жауапкер үшін төмендететін баға белгілеп, агент ретінде әрекет етпей, Принципиалмен бәсекелесе отырып ұсынды» деген дәлеліне қатысты болды. Екінші мәлімдеме Minerals Operating тарапынан GEOPS инфрақұрылымы мен объектілеріне қарсы күш қолданылады және оның жалпы іскерлік қызметіне зиян келтіріледі деп қоқан-лоқы көрсетілгені туралы айтылғаны болды. Хат "бізге 8 наурыз, дүйсенбіден кешіктірмей ынтымақтастық туралы ұсынысымызға жазбаша жауап беріңіздер. Жауаптарыңыздың басқа кез келген, ресми түрде жазбаша ресімделмеген тәсілін біздің тарап қарастырмайды және бұл біздің ынтымақтастық туралы ұсынысымыздан сіздердің түпкілікті бас тартуларыңыз ретінде қарастырылады, ақырында, бұл бізге өз қызметімізді ресми түрде жалғастыруымызға мүмкіндік береді" деген өтінішпен аяқталған. Жауап алынбаған.
7. Тіпті жалпы қарағанның өзінде бұл хатты тараптар арасындағы агенттік келісімнің іс жүзінде бұзылғандығы ретінде қарастыру қиын болар еді. Болжалды қоқан-лоқыға келетін болсақ, Сот "олардың болғандығын дәлелдемелер негізінде анықтай алмады" (шешімнің 23-тармағы) және бұл тұжырым дауланбайды және даулана да алмайды. Геологиялық барлауға қатысты ұсынысқа келетін болсақ, Сот Minerals Operating компаниясының ол белгілі бір кезеңде геологиялық барлауға ықпал еткенімен, геологиялық қызметтердің бағасына қатысты ешқандай келісім ешқашан болған емес және бұл мән-жайларда ол мұндай қызметтерді ұсынуға іс жүзінде қатысқан жоқ деген айғағымен келісті: Сот "Талап қоюшылардың қызмет көрсетуді жай ғана ұсынуында ештеңе де шартты бұзбайды", "ұсыныс іске асырылмағандықтан және оның салдары болмағандықтан" геологиялық қызметтер әдетте бұрғылау келісімінің бөлігі ретінде қарастырылуы керек пе әлде жоқ па деген қосымша мәселені қараудың қажеттілігі жоқ деп тапты (шешімнің 24-тармағы). Сонымен, Сот GEOPS компаниясының Minerals Operating агенттік келісімшарт бойынша өз міндеттерін бұзды деген дәлелін қабылдамай тастады деп санауға болады, бұл 2021 жылғы 8 наурыздан бастап Шарттың бұзылғаны дұрыс екенін растайды. Minerals Operating компаниясын осы шарт

бойынша агенттік сыйақы алу құқығынан айыру үшін агенттік шарт GEOPS пен "Қазақалтын" арасында шарт жасалғанға дейін бұзылды деп мәлімдеуге болатындай басқа ешқандай негіздер болған жоқ. Сот шешімінің осы аспектісіне апелляция берудің, менің ойымша, іс жүзінде табысқа жету мүмкіндігі жоқ.

8. Сот агенттік келісім кейіннен бұзылғанын мойындады: «Бір көзқарас бойынша, Шарттың ережелеріне сәйкес төлем жасамай, GEOPS іс жүзінде Агенттік келісімнен бас тартты, және Minerals Operating компаниясының осы шарттан туындайтын қосымша міндеттемелері болған жоқ... Екі тараптың да іс-әрекеттері, бәлкім, Агенттік шартты жалғастыруға болмайтындай жағдайға әкелген болар. Менің ойымша, олардың бір-бірінің алдындағы міндеттемелерінің жалғасы жоқ" (шешімнің 20-тармағы). GEOPS шарт өз күшін жойды және Тараптардың бір-бірінің алдында ешқандай міндеттемелері жалғасып жатқан жоқ деген тұжырымдарды дауламайды, бірақ тоқтату күні туралы қорытындының жоқтығына және ол тудыратын белгісіздікке шағымданады. Егер осындай тікелей қорытынды жасау қажет болған болса, Сот, бәлкім, GEOPS "Қазақалтын" шартына қатысты агенттік сыйақы төлеу жөніндегі өзінің міндеттемесін бұзған күнге артықшылық берер еді: жаңа ғана келтірілген тармақты, сондай-ақ шешімнің 21-тармағындағы ескертулерді қараңыз, ол мынау туралы: Minerals Operating 2021 жылдың желтоқсанында орналастырған, жерасты бұрғылау жұмыстарына бәсекелестік туралы айтылған "LinkedIn" жарияланымы "Жауапкер төлемей арқылы өз міндеттемесін орындамағаннан кейін сегіз айдан кейін орналастырылды" және "егер Жауапкер төлемей арқылы өз міндеттемесін бұзса, бұл басылымды орналастыру агенттік келісімшартты бұзу ретінде қарастырыла алады деп санамаймын". Алайда Сотқа осы істегенінен әрі барудың қажеті жоқ болды. Minerals Operating-тың «Қазақалтынмен» жасасқан шарт бойынша сыйақы алуға құқығы басты орындағы мәселе екені және бұл мән-жайларда, мәлімделгендей, агенттік шарт қолданылатын басқа жасалған шарттар болмағандығы айқын болды. Шынында да, GEOPS-тың қарсы берген талабы шарттың бұзылғанын мойындауды талап етті, бірақ егер оның 2021 жылғы 8 наурызда шарттың бұзылғаны туралы дәлелі қабылданбай тасталса, бұзылу күні қандай да бір кеңірек практикалық мәнге ие болады деп ойламады. Оның үстіне, меніңше, Соттың бұл мәселе бойынша шешіміне қатысты апелляцияның табысты болуына нақты мүмкіндік жоқ.
9. Тиісінше, мен көтерілген мәселелердің ешбірі бойынша апелляцияның табысты болуына нақты мүмкіндік жоқ; апелляциялық шағым қаралуы тиіс болатын тағы да бір салмақты себеп те жоқ деп санаймын. Сондықтан апелляция беруге рұқсат етуден бас тартылды.

Сот қабылдады,

Мәртебелі Сэр Стивен Ричардс,

Судья, АХҚО соты

Өкілдік ету:

Өтініш беруші/Жауапкер атынан Гүлнұр Нұркеева ханым өкілдік етті, Серіктес, Grata International заңгерлік компаниясы, Пекин, Қытай Халық Республикасы.

Жауапкер/ Талап қоюшы атынан Равиль Кассильгов мырза өкілдік етті, Серіктес, «Tukulov & Kassilgov Litigation LLP», Алматы, Қазақстан Республикасы.